«МАХАМБЕТ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «МАХАМБЕТСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

060700, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі, 22 ғимарат
тел.: , факс: +77123621199

060700, Атырауская область, Махамбетский район село Махамбет, улица Абая, здание 22
тел.: факс: +77123621199

№ 58

«27» 01 2026 г.

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден сатып алу тәсілімен ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1-шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9-қазандағы №687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 517-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жерге орналастыру және жер-кадастр жұмыстары үшін» сатып алу мемлекеттік сатып алудың 16-бабының 3-тармағының 25-тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен ұйымдастырылсын.

2.Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бөлім есепшісі Аманғалиев Нұрлыбек Аманғалиұлы:

- Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1-шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 1-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жіберсін.

3.Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім үшін жауапкершілікті өзіме жүктеймін.

4.Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы **А.Салиев**